

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 298 (2014), 81 – 87

THE ORIGINS OF ISLAMOPHOBIA: HISTORICAL AND SOCIO-CULTURAL CONTEXTS

B. M. Satershinov

Institute for Philosophy, Political Science and Religions Studies CS MES RK, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: bakhyt-zhan@mail.ru

Key words: religion, religious stereotypes, Islamophobia, Judasphobia, anti-Semitism, discrimination, extremism.

Abstract. In this paper the phenomenon of Islamophobia is defined both as a form of xenophobia in the society and discrimination against Muslims in the world in general and in our country in particular. Islamophobia is characterized as a threat for tolerance, wellbeing and formation of the truly legal and civil society in Kazakhstan. The scientific researches, which are made in this field of knowledge, would have great methodological significance. There is opportunity to reveal intentional process of negative image formation, which involves science, media, various kinds of information technology, centuries-old stereotypes, historical memory of nations and methods of manipulation of human consciousness.

ӨОЖ 2:1/14

ИСЛАМНАН ҮРЕЙЛЕНУДІҢ БАСТАУЛАРЫ: ТАРИХИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ АЯСЫ

Б. М. Сатершинов

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: дін, діни негіздегі стереотиптер, исламофилия, исламофобия, иудафобия, кемсітушілік, экстремизм.

Аннотация. Исламофобия қоғамдағы ксенофобияның бір түрін, исламға деген, сондай-ақ онымен байланысты қоғамдық құбылыстарға деген жағымсыз реакцияның әртүрлі формаларын жинақтап анықтауды білдіреді. Дүниетанымдық дискурстағы исламофобияның қалыптасуын діни тұрғыдағы әртекті өркениеттердің өзара тарихи қарым-қатынасы барысында орныққан әлеуметтік-мәдени стереотиптерден көруге болады. Гуманистік қоғам құруға бет бұрған бүгінгі ХХІ ғасыр биігінен көз тастағанда, исламофобия – діни надандықтың белгісі, сондықтан бұл мақалада исламнан үрейлену феномені ғылыми талдаудың нысанына айналады.

Стереотиптік сана ретінде қалыптасқан исламофобия құбылысын немесе исламнан үрейлену феноменін әлеуметтік-мәдени аяда тарихи қырынан және бүгінгі батыс әлеміндегі мұсылмандар миграциясы аясында қазіргі заман қырынан қарастыруға болады. Исламофобияның соңғы онжылдықтарда қоздырылып отырғаны рас, дегенмен, стереотип ретінде ол ғасырлар қойнауынан бері келе жатқан сананың вирусы. Сондықтан ислам фобиясының бастау көздеріне тоқталудың жөні бар.

Діни негіздегі стереотиптер мен исламофобия, әсіресе мұсылман әлемі мен еуропалық өркениет арасындағы түсініспеушілік қатынастар өзінің бастауын ерте орта ғасырлардан, мұсылмандардың VIII ғасырда Пиреней түбегін алуынан және XVI ғасырдағы Реконкистадан (испандардың қайта жаулауынан), олардың аралығындағы айқыш (крест) жорықтарынан және османлылардың Византияны басып алуы мен Наполеонның Мысырға жорығынан, еуропалықтардың Азия мен Африка елдерін отарлауынан алады. Еуропаның шығысында X ғасырдан бастап еділдік бұлғарлар исламды ұстанса, XIV ғасырдан бастап түрік экспансиясымен бірге ислам Балқан түбегіне енді.

Итальян тарихшысы Франко Кардининің «Еуропа және ислам: түсінбестік тарихы» [1] атты кітабы осы тақырыпқа арналып, басым бөлігінде, ортағасырлар мен жаңа заманның басындағы саяси, халықаралық қатынастарды және мәдени байланыстарды қамтиды. Сондықтан болар, орта

ғасырлардағы діни таптауырындар мен қазіргі исламофобияның айтарлықтай айырмашылықтары бар екені аңғарылады. Бұл туралы «ЦентрАзия» сайтының материалдарына сүйене отырып, Андрей Игнатъев «Сарациндер» «айқыш жорығына қатысушылардың көзімен» деген мақаласында жазады.

Егер орта ғасырларда крестшілер сарациндерді (грек тілінен аударғанда – «шығыс адамдары», грек ғалымы Птолемей мен ерте римдік тарихшы Аммиан Марцеллин еңбектерінде айтылатын қарақшы тайпалар, бәдәуилер) Магомет деген құдайға сыйынатын пұтқа табынушылар ретінде немесе ақиқаттан адасқандар деп санаса, керісінше, өздері сол күйге түскен қазіргі заманғы еуропалық пұтқа табынушылар исламды «ыбырайымдық монотезимнің шектен шыққан көрінісі» деп есептейді. Аскеттік онаша өмірді ұстанған ортағасырлық монахтар исламды «жыныстық жүгенсіздіктің» діні ретінде қарастырса, әйелдер эмансипациясы мен гедонизм үстемдік етіп отырған қазіргі Еуропа тұрғындарына ислам «толыққанды өмір сүруге» мүмкіндік бермейтін «жыныстық репрессивті» дін болып көрінеді. Қазіргідей хиджаб мәселесін талқылау ортағасырлық адамдардың түсіне де кірмейтін, өйткені католиктердің де, православтардың да әйелдері жабық киінетін. Жаңа заман мен Ағартушылық дәуіріндегі (Вольтер фанатик Мұхаммедтің бейнесін сомдады) секуляризация (қоғамда дін рөлінің төмендеп, зайырлылықтың басым болуы) барысында ислам ақыл мен прогрестен алыс сенім деп саналды, ал әр алуан ғылым салалары мен философия, әдебиет пен өнердің көптеген түрлері Еуропаға мұсылмандық Мағрибтегі (Андалусия, Севилья, Кордова, Гранада) өркениеттен келгені ұмыт қалады [2].

Бұл туралы Монтгомери Уоттың «Ортағасырлық Еуропаға исламның ықпалы» кітабынан оқуға болады [3]. VIII–XII ғасырларда мәдениеті гүлденген Араб халифатында (оның орталығымен қатар, батысы мен шығысында да) мұсылман дінімен қатар, еркін ойшылдық та болды, дінге сенуші және атеист-ғалымдар арасында диспуттар өткізіліп тұрды. Бағдат, Дамаск, Куфа, Басра, Бұқара, Самарқанд, Каир, Стамбул, Кордова, Севилья және т.б. шаһарлар қазіргі Лондон, Париж, Брюссель, Нью-Йорк және т.б. қалалар тәрізді әртүрлі ұлттар мен діндер өкілдері бейбіт қатар өмір сүрді. Тіпті бүгінгі күндері Қазақстан Республикасының Астана қаласында өткізіліп жүрген Әлемдік діндер съезінің бастапқыда, 1254 жылы буддизм, христиан және ислам өкілдерінің қатысуымен Азия түкпіріндегі Қарақорымда өткізілгенін Рубрук қолжазбаларынан оқуға болады.

Аталмыш кезеңде Шығыста орнығып, антикалық мәдени және ғылыми-философиялық мұраны игеріп қана қоймай, оны одан ары жетілдіріп, өздері көркем әдебиет пен филология, тарих пен география, математика мен астрономия, медицина мен музыка, логика мен философия салаларында, сондай-ақ сәулет өнері мен көркем қолөнерде аса ірі табыстарға жеткен бұл өркениетті медиовист-зерттеушілер «мұсылман ренессансы» деп атайды.

Мұсылман өркениеті өзге мәдениеттерге төзімділігі мен сұхбатқа ашықтығының арқасында Алдыңғы Азиядағы иудейлер мен сириялық арамейлердің, Солтүстік Африка халықтары мен мысырлықтардың, батыстағы андалусиялықтар мен шығыстағы үнділіктердің, сонымен қатар Хорасан мен Орталық Азиядағы түркілер мен парсылардың жергілікті мәдениеттерін бірегей исламдық арнада тоғыстырды. «Араб-парсы-түркі» мәдени синтезі орын алған бұл кезеңде қазақ топырағынан әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Йасауи тәрізді ғұламалар шықты.

Алайда еуропалық христиандардың мұсылман әлеміне деген қатынасы жаппай «жау бейнесіне» теңгерілді деп айтуға болмайды. Еуропада еуропацентризм дертіне ұшырамай, мұсылман мәдениетіне деген қызығушылығы мен құштарлығын жасырмаған адамдар (көбіне алдыңғы қатарлы, озық ойшылдар мен қайраткерлер) да болды, мысалы: Раймонд Луллий, Роджер Бэкон, Эразм Роттердамский, Фридрих II Гогенштауфен, Альфонс Кастильский, Лессинг, Гете, Пушкин, Толстой және т.б. Яғни, исламофобиямен қатар, исламофилияның болғандығын атап өту керек. Немістің атақты ойшылы Фридрих Ницше өзінің «Антихристиан: христиандықты сынау тәжірибесі» еңбегінде Испанияның керемет мавритандық мәдени әлемін дәріптей отырып, Реконкиста кезінде «христандардың бір Кордованың өзіндегі 300 қоғамдық моншаны «мұсылмандықтың көзі» деп құртып, «рухтың ғана емес, тән тазалығына да қарсы шыққанын» уытты тілмен жазады [4, 89-б.].

Бүгінгі біздің заманымызда исламофилияның таралуы екінші дүниежүзілік соғыстан кейін мұсылмандардың Еуропаға миграциясымен байланыстырылады. Исламнан үрейленудің Еуропада қаншалықты таралғанын «Бүгінгі ислам» сайтындағы тақырыптардың атауынан аңғаруға болады, мысалы: «Мұсылмандар исламофобиядан қалай құтылады?», «Калининградта жүргізуші мұсылман

жүкті әйелін шығарып жіберді», «Лондонда исламофобиялық шабуылдар 65 %-ға жиіледі», «Австрияда бір айдың ішінде 3 мұсылман әйелі, 3 мешіт және медресе исламофобиядан жапа шекті», «Австралиялық мұсылман әйелін пойыздан лақтырып жіберген», «Исламофобтар қайтыс болған полицей мұсылман әйелінің бейітін қорлады», «Грузияда медресе есігіне шошқаның басын іліп кетіпті», «Саясатшы мұсылман әйелі Италиядан қашты», «Венада орамалына бола мұсылман әйелі жапа шекті», «Данияда саясаткер мұсылмандарды Гитлермен салыстырды» және т.б. (<http://islam-today.ru/islamofobia/>). Тізімді ары қарай жалғастыра беруге болады. Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет қалыптасты деп есептелетін, мәдениеті дамыған өркениетті елдің өзінде ұлттық және діни негіздегі кемсітушіліктің бола беретіні таң қалдырады.

«Мұсылмандар қаптап кетті, келешекте олар жергілікті халықты ығыстырып шығарады» деген мифтің негізсіздігін А. Крупман былай деп жоққа шығарады: «Шындығында, қазіргі демографиялық трендтерге (иммиграцияны қоса алғанда) сәйкес, 2010 жылы 6 %-ды құраған аймақты мекендеуші мұсылман тұрғындарының өсімі 2030 жылы 8 %-ға ғана көтеріледі. Халықтың сегіз пайызы – бұл еуропалық өркениеттің құрдымға кетіп, барлық жерде шариат заңдары енгізіледі деп байбалам салатындай деңгей емес. Мұсылмандардың осы қарқынды өсімі сақталғанның өзінде 2050 жылы олар 11 %-ды ғана құрайды, яғни ұзақ уақыт бойы азшылықта болады. Демек, исламофобтар тыныш ұйықтаса да болады» [5].

Қазіргі кезде Еуроодақ елдерінде 15 миллиондай мұсылман, орта есеппен алғанда, Нидерландыда – 10%, Францияда – 6-7%, Германия мен Швейцария – 5%-дан, Ұлыбританияда – 3% ислам дінін ұстанушылар тұрады [6]. Еуропалықтардың мұсылмандарға деген негізгі наразылықтары: жұмысқа деген жалқаулығы мен жатыпшіерлігі, жергілікті дәстүр мен мәдениетті сінірмеуі, тілді үйренбеуі, мешіттердің көбеюі, азанның айтылуы, көшелерде жұма және айт намаздарын өтеу, хиджаб немесе паранджа киюі және т.б. Ал мұсылмандардың еуропалықтарға артатын айыптары: білім алудағы, жұмысқа тұрудағы кемсітушіліктер, қоғамдық орындардағы дискриминация және т.б. Рим папасы Бенедикт XVI 2006 жылғы Регенсбург қаласында исламға қатысты айтқан сыни сөздері, Франциядағы хиджаб киюге тыйым салу, Швейцарияда мешіт мұнараларын салуға тыйым салу, Даниядағы каррикатуралық даңғаз, Норвегиядағы Брейвиктің жасаған теракты исламофобияның шоғын қоздатты.

Мұсылман қауымдарының Еуропаға тарала бастауы бастапқыда қарапайым адамдардың да, билік пен баспасөздің де назарын аударма қоймады. Алайда ХХІ ғасырдың басына қарай антиисламдық көңіл-күй еуропалықтардың өміріне деңдеп енді. Тұрмыстық кикілжіңнен басталған бұл көңіл-күй мешіттердегі вандализм, мұсылман молаларын қорлау, хиджаб киген әйелдерді балағаттау барысында діни сипатқа ие болды.

Кейбір зерттеушілердің пікірінше, қазіргі Еуропадағы антиисламизм ХІХ ғасырдағы антисемитизмді айна-қатесіз қайталайды: «Жөйттің орнын иммигрант, мұсылман, «қаралар» басты. Большевиктік бүлік «әлемдік терроризммен» алмасады. Масондар исламшылдарға айналады. Жүз жылдан кейін дін қайтадан Батыс Еуропадағы саяси пікірталастардың тақырыбына айналады. Бірақ бұл жолғысы католиктер мен протестанттар арасындағы ескі пікірталас емес, ислам туралы мәселе» [7]. Бұл тұста украиндық сарапшы Артем Кирпиченок ресейлік маман Б. Кагарлицкийдің пікірін келтіріп отыр. Ол сонымен қатар американдық тарихшы әрі көсемсөзші Михаэл Дорфманның пікірін де келтіреді. Ол бойынша, антиисламдық мәтіндер жөйттерді арабтарға, иудазимді исламға алмастырған антисемиттік мәтіндердің қайта өңделуі болып табылады [7]. Еуропадан да, Ресейден де 2000 жылдардың басында «Исламды соқ та, планетаны құтқар» (бұрынғы «жөйтті соқ та Ресейді құтқар») деген ұрандар мен лозунгтар жазылған плакаттарды кездестіруге болатын.

Интернет көздеріндегі тағы бір материал исламофобияны қоздыру кімге тиімді екендігін анықтауға тырысады:

«1. Әлеуметтік қақтығысты ұлттық қақтығысқа ауыстырғысы келетін билік басындағыларға. Өз халқын өткір мәселелерден (кедейшілік, жұмыссыздық, бәсекелестік) назарын бұрып, наразылықты басқа арнаға салу. Басқаша айтқанда, ішкі жау бейнесін немесе құбыжықты ойлап табу. Антисемитизм ұзақ уақыт бойы осыған қолданылып келді, енді оның орнына исламофобия келді.

2. Ұлтшыл партиялар мен қозғалыстарға. Соның арқасында олар өздерін паш етуге және мейлінше биік саяси деңгейге жету мүмкіндігін алады.

3. Сыртқы тылсым күштерге: АҚШ үшін Еуропадағы, Ресей мен Қытайдағы исламофобия тиімді, өйткені бұл елдер оның Ирактағы, Ауғаныстандағы, Иран мен Таяу Шығыстағы әрекетін қолдайтын болады. Қытайға басқа елдердегі исламофобия тиімді, өйткені мұсылман (ұйғыр) сепаратистеріне қатысты қатаң шара қолданғаны үшін оны күрт сынамайтын болады. Ресейге де дәл осы себепті, бірақ мұндағы сепаратистер Солтүстік Кавказда. Израиль үшін өмірлік тұрғыда тиімді, өйткені оған еуропалық, америкалық және басқа да қауымдастықтардың симпатиясы керек» [6].

ЕҚЫҰ Демократиялық институттар мен адам құқықтары бюросының (ДИАҚБ) 2012 жылы жариялаған «Мұсылмандарға қатысты кемсітушілік пен төзімсіздікке қарсы әрекет: Оқытушыларға арналған нұсқаулық. Білім беру арқылы исламофобиямен күрес» атты брошюрада мұсылмандарға байланысты көпшілік пікірталастарда жиі кездесетін 6 стереотип айтылады:

«1. Барлығы бірдей. Мұсылмандар ұлтына, әлеуметтік жағдайына немесе саяси көзқарастарының алшақтығына қарамастан, тіпті олардың діни ғұрыптарды қаншалықты сақтайтын тақуалықтарының айырмашылықтарына қарамастан барлық мұсылмандарды бірдей деп есептеп, ұқсату.

2. Дін – барлық мұсылмандар әрекетінің негізінде жатқан жалғыз ниет. Бүкіл мұсылмандардың басты ерекшелігі олардың діни сенімі деп саналады. Сондықтан мұсылмандар зорлық-зомбылық әрекеттеріне қатысқандықтан, олардың діни зорлықты қолдайды деп пайымдайды.

3. Мүлдем «басқа». Мұсылман еместерді қызықтыратын нәрселердің, құндылықтар мен қажеттіліктердің олар үшін жат болуы себепті, бұл «бөтендерден» бір пайдалы нәрсе алу мүмкін емес деп зерделенеді.

4. Моральдық және мәдени тұрғыдан артта қалған. Мұсылмандардың мәдениеті төмен, ақылға сыймайтын күш көрсетуге жақын тұрады, әйелдерге төзімсіздік танытып, басқа дүниетанымды мойындамайды, еш себепсіз Батысқа өшпенді көңіл-күйде болады.

5. Қауіп-қатер төндіреді. Бүкіл әлемдегі «өркениеттер қақтығысына» қатысады, ал өздері азшылық құраған елдерде халықаралық лаңкестікке бүйрегі бұрып, елдің жағдайын «исламдандыруға» тырысатындықтан, сол елдің ішкі жауына айналады.

6. Бірлесіп әрекет ету мүмкін емес. Мұсылмандар мен басқа діни және мәдени түбірдегі адамдардың арасында серіктестік болуы мүмкін емес, өйткені сұхбат пен төзімді өзара әрекетті талап ететін істерді бірлесіп атқаруға болмайды» [8].

Зерттеушілер Еуропадағы исламофобияның тағы да басқа ориенталистік, мәдениеттанымдық, дүниетанымдық дискурсивтік қырларын атайды. 2011 жылы әлемнің ең озық басылымдары «Triangle Centre on Terrorism and Homeland Security» ұйымының сенсациялық зерттеулерін жарыса жариялады. Зерттеу ислам дінін ұстанушылардың ішкі қауіпсіздікке залалының жоқтығын, қылмысқа бармайтынын пайыздық көрсеткішпен дәлелдеп берді. Зерттеу Америка мен Еуропадағы исламофобияның айырмашылықтарын да көрсетеді: диссиденттердің отаны саналатын Америкада мұсылмандардың саны Еуропамен салыстырғанда мүлдем аз әрі онда афроамерикандықтар мен латынамерикандықтарға деген теріс көңіл-күй басым; оның үстіне географиялық орналасуы жағынан Америка ислам елдерінен алыс, ал Еуропа жақын орналасқан; американдықтар ұзақ уақыт бойы өз сыртқы саясатында социалистік қосынға қарсы мұсылмандардың мүддесін қорғады; екінші жағынан американдықтар мұсылман әлемінде отары болған жоқ, сондықтан оларда еуропалықтардағы сияқты кінәлілік сезімі жоқ; Еуропада мультикултурализм саясаты ұстанса, АҚШ-да «қазанда қайнату» саясаты жүргізіледі; АҚШ-да эмиграциялық саясат Еуропамен салыстырғанда қатаң; Америкада протестанттық шіркеу интолеранттылығымен, жаугершілігімен көзге түседі, сондықтан олар Құранды көпшілік алдында өртеуге барды және т.б. [6].

Ресей мен посткеңестік елдердегі діни ахуалға келер болсақ, КСРО тарағаннан кейін барлық бұл дербес мемлекеттер еркіндіктің «эйфориясына» түсті және мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара қарым-қатынасындағы заңнамалық құжаттарды батыстық үлгіден жаппай көшіріп алды. Басқаша айтқанда, зайырлық қағидаттарын іске асыруда әлемдік тәжірбиелерге сүйенді. Дін еркіндігі мен мемлекеттік-конфессиялық қатынастар саласында саясат бойынша бұл елдерге, оның ішінде Қазақстанға да ортақ қағидаттарын атап өтер болсақ:

– мемлекет және ондағы институттардың зайырлы, конфессиялық, бейтарап сипаты, діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлектенуі;

– ар-намыс және дін еркіндігі қағидаты;

- қандай да бір дін немесе діни және зайырлы бірлестікке жататындығына қарамастан, азаматтардың еркіндігі мен тең құқылығы;
- діни бірлестіктердің құдайға құлшылық ету істерін немесе құлшылық етуден тыс істерін іске асырудағы құқықтарының теңдігі;
- ұлттық салт-дәстүрлермен діни салттардың байланысын, діни бірлестіктер мен мемлекет ара-қатынасындағы Қазақстан халқының ұлттық-мәдени ерекшеліктерін есепке ала отырып, ұлттық-мәдени дәстүрлерді, халықтардың ділін құрметтеу;
- діни бірлестіктердің ішкі қызметіне мемлекеттің араласпауы;
- конституциялық құрылым, өнегелік, денсаулық және азаматтардың құқығы мен қызығушылықтарын қорғау, мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігінен туындаған ар-намыс және дін еркіндігі шектеулерінің орын алуы;
- діни бірлестіктердің қазақстандық заңнамаға сәйкес қызмет етуін мемлекеттік бақылау;
- мемлекеттік билік пен басқарманың барлық сатыларында ар-намыс және дін еркіндігі саласындағы саясатты ашық түрде жүргізу;
- мемлекетпен діни бірлестіктердің бірлесе қызмет етуі;
- аталған салада мемлекет саясатындағы маңызды басым бағыттарды ғылыми негізде таңдау [9].

Осылайша, ар-ождан, дін тұту бостандығы посткеңестік елдерде, оның ішінде Қазақстанда әр адамның фундаментальды құқығы ретінде конституцияларда бекітілді. Бұл құқыққа қол сұғуға заңдық және құқықтық негізде де жол берілмеді. Алайда, көптеген елдер оншақты жылдың ішінде дін саласына қатысты қабылдаған заңнамалық құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге мәжбүр болды, өйткені алғаш қабылдаған заңның демократияшылдығын, жұмсақтығын пайдаланған жатжерлік діни ағымдар өзінің уағыз-насихаттарын емін-еркін жүргізіп келіп, ақырында қоғамдағы діни ахуалды шиеленістіруге әкелді. Әсіресе, ТМД кеңістігіндегі елдерде «дәстүрлі» ислам мен сырттан енгізілген радикалды ағымдардың қарама қарсылығы аңғарылады. Ақпараттық соғыстардың нәтижесінде «содыр-уаххабшылдың» стереотиптік бейнесі қалыптасып та үлгерді.

Бастапқыда ресейлік жетекші электрондық БАҚ ислам мен мұсылманшылықты Шешенстандағы және Палестинадағы әскери әрекеттермен байланыстырды. Шешендер «жаман мұсылмандар, ал татарлар мен башқұрлар тіпті мұсылман емес деп, ал дағыстандықтар, балқарлар және басқалары «кавказ ұлтының өкілдері» (милицияның тілімен айтқанда) деп қабылданды. Алайда кейінгі оқиғалар, әсіресе, Мәскеу қаласының орталығындағы Дубровка театрында теракт ресейлік қоғамдағы ксенофобия мен ұлтшылдықты медиялық-ақпараттық кеңістіктің бетіне шығарды. Шахид пен жихад тақырыбына қатысты небір алып-қашпа әңгімелер айтылды, ол мұсылман қауымының өмір тәртібіне телінді.

Георгий Энгельгардт пен Алексей Крымин Ресейдегі исламофобия көріністерінің негізгі үрдістерін жүйелей келе, оның пайда болуының бес себебін айтады:

- 1) исламды терроризммен теңгеру;
- 2) шариаттың қандай болмасын нормаларын әр деңгейдегі биліктің мойындамауы;
- 3) ислам ілімі мен діни практикасының қандай да бір қырларын сынау;
- 4) ислам қауымдарының талаптарын (әдетте, мешіт салу үшін жер телімін сұрау) өтеуден бас тарту;
- 5) мұсылман көшбасшыларының өздерінің бір-бірін (мысалы, Ресей мұсылмандарының діни басқармасы мен Ресей мүфтилерінің кеңесі басшылары) «уаххабшылдықпен» кінәлауы [10].

Десек те, Ресейдегі мұсылман көшбасшылары «шахид», «шахид белдеуі» деген сөздерді ресми адамдардың қолдануы қоғамдағы исламофобияның жаңа толқынына әкеледі. Ресей мүфтилері кеңесінің төрағасы Равиль Гайнутдин «шахид», «моджахед», «Алланың жауынгері» деген діни терминдерді лаңкестерге қатысты қолдану мүлдем дұрыс емес және ол, ең алдымен, исламды кемсітуге бағытталған. Осылайша, барлық мұсылмандар террористерге теңгеріледі. Тіпті Ресей ІІМ жүргізген арнайы антитеррорлық операциясының Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) анасының атымен аталуы да кездейсоқ емес, бұл ресейлік мұсылмандардың қытығына тигені сөзсіз. Ресей ІІМ министрінің потенциалды терроршылар ретінде мұсылман әйелдерінің орамалдары мен бас киімдерін тексеру туралы 2003 жылдың 9 шілдесіндегі №12/309 бұйрығында («Фатима» операциясы») исламофобияның элементтері айқын байқалады және бұл мұсылман әйелдеріне деген биліктің жүйелі дискриминациясын білдіреді.

Өз бойына әлеуметтік, мәдени, мағыналық идеялар мен әрекеттерді универсалды дін ретіндегі исламның мәнін түсінбеушілік, бір жағынан, еуропалық секуляризмнен қалған мұра секілді, екінші жағынан, қазіргі телекоммуникацияның ғаламдық торабынан әрбір индивидуалды санадан орын тепкен зорлық феномені әсерінен болса керек. «Зорлық ешқашанда дәл бүгінгідей ауқымды болған емес» [11]. Тіпті Батыс адамы үшін зорлық өзіндік бір қанағаттанушылыққа айналып кеткенін айтсақ та болады. Садизмді ойлап тапқан мұсылмандар емес, ағартушы француздар (маркиз де Сад) емес пе еді?! Электр орындығы, газ камерасы, гильотина сынды зорлықтың ұшқыр тетіктерін, гладиаторлар шайқасы, коррида сияқты шоуларды да мұсылмандар шығарған жоқ.

Исламнан үрейленудің бастауларының осындай тарихи және әлеуметтік-мәдени аясы бар. Бұл айтылғандар біздің елімізде жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулермен де бекітіледі. 2014 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетіне қарасты Философия, саясаттану және дінтану институты «Қазақстан үшін дәстүрлі дін: ханафиттік мәзһабтағы суннизмнің мәні мен ерекшеліктері» атты ғылыми-зерттеу жобасының аясында әлеуметтанулық зерттеулер жүргізді. Арнайы жасалған сарапшылық сауалнамада Қазақстанда исламофобия пайда болуының мәселелік аймақтары айқындалды. «Исламофобия неге пайда болады, оның бастаулары мен тудырушы шарттары қандай?» деген сұраққа мамандар былай деп жауап берді:

- 1) Исламофобия – бұл Батыстың белгілі бір идеологиялық саясаты.
- 2) Біздің ақпараттық саясатымыз сауатты емес. Дербестік қатарымызды нығайтпай жатып-ақ, ислам экстремизмі мен терроризмі деген сияқты жапсырмалар мен клише батыстық және ресейлік БАҚ көшіп алды. Нәтижесінде ол, тұрғылықты халықтың діни сауатының төмендігіне қосылып, адамдардың ислам туралы жағымсыз стереотиппен өмір сүруіне әкелді.
- 3) БАҚ сауатсыз жұмысы: ислам дінінен сақтануды насихаттайтын ақпараттың ағымы.
- 4) Бүгінгі террористік топтардың әрекетінің салдары.
- 5) Исламофобия христиан және ислам әлемдерінің бөлектенуі ретінде орта ғасырлардың қойнауында пайда болды, бірақ өзінің шырқау шыңына ХХІ ғасырда жетті. Бұл геосаяси және экономикалық мәселелермен, жаһанданумен, әлемдік саясаттағы екіжүзді стандарттармен, БАҚ рөлімен, ислам әлемінің батыстық әлемнің либералдық парадигмаларына қарсы тұру дискурсымен байланысты.
- 6) Ислам (қоғамдық деңгейде) өзінің жағымды қасиеттерін тиісті деңгейде көрсете бермейді, ал жағымсыз жағы көшіріліп көбейтіле береді. Исламофобияның негізгі себебі міне осы.
- 7) Әлемдік державалардың насихаты; радикалды ислам ұйымдарының әрекеті; дін ішіндегі қажетсіз үрдістерді тыншытудың ішкі исламдық тетіктерінің әлсіздігі; кейбір қайраткерлердің жауапкершіліксіздігі мен залымдығы.
- 8) Дәстүрлі емес ағымдар ислам дінінің бейнесін бұрмалағандықтан исламофобия дамиды.
- 9) Өздерін ислами деп көрсететін террористік ұйымдардың адамзатқа қарсы әрекеті.
- 10) Өз тұрғылықты халқының бойында исламофобия қалыптастыру мен дамытудағы кейбір елдер үкіметтерінің саяси мүдделері.
- 11) Үстем діндер соншама маңызды саяси мән беретіндей қоғамда міндетті түрде болатын құбылыс.
- 12) Исламды бұрмалау, оның ұғымдарын бұрмалап түсіндіру, діни ыдыраңқылық – исламофобия таралуының негізгі себептері осылар.
- 13) Бұл діни көпшіліктің ішкі интеграциясы.
- 14) Исламның ішкі логикасы мұсылмандарды «исламофобияға» ренжіп жүретін және үнемі сыртқы күштермен күресіп жүретін жағдайға әкеледі.
- 15) Рухани кемшілік.
- 16) Өйткені діни сауатсыздық бар.
- 17) Исламофобия діни терроризм мақсатында қолданыла алады және қоғам мүшелерінде бұл исламофобияны тудыратынын түсінеді. Олар бұл діни сауатсыздық салдарынан екендігін біледі.
- 18) БАҚ-да көрсетілетіндей исламның экстремизммен және лаңкестікпен өзара байланысы, исламның саясилануы, әйелге қатынасы.
- 19) Өмірдегі әл-ауқаттың төмендігі экстремизмге әкеледі.
- 20) Имамдар мен сауатты жетекшілердің жетіспеушілігінен.
- 21) Халықтың кедейлігі, барған сайын қаталданған заңдар, бұл жұртты ызаландырады және олар оппозицияға жинала бастайды.

Бір карағанда тұрғылықты халқының басым көпшілігін мұсылмандар құрайтын елде исламофобия феномені болмау керек сияқты. Алайда бұл құбылыс Қазақстанмен қатар Орталық Азияның басқа да елдеріне таралып отыр. Өйткені бұл посткеңестік елдерде көршілес Ресейден тарайтын ақпараттық ағынның ықпалы зор. Бұл бір. Ал екіншіден бұған ғибадатын қатаң ұстағанымен, жүрегіндегі мейірімін өшіріп алған мұсылмандардың өздері кінәлі. Мәселенің түбі өзгелерден түрпідей жиырылып, өзімшілдікке салынған мұсылмандардың өздерінде жатыр. «Қазіргі мұсылмандарға не болған?» Исламтанушы Ғалым Жүсіпбек осындай сұрақ қойып, оған жауап табуға тырысады. Біз де оқырманды осы еңбекпен танысуға сілтей отырып [12], исламофобиядан құтылу үшін, ең алдымен, мұсылмандар іштей өзгеруі, иляхи ахлаққа қайта ие болуы, иляхи және пайғамбарлық моральға, ізгілікке, тазалық пен еңбексүйгіштікке қылау түсірмей, Жаратушының разылығына жету бүкіл адамзатқа қызмет ету арқылы болатынын түсінуі және бұл әлемді рухани тұрғыда да, материалдық тұрғыда да өзгерту арқылы болатынын түсінуі тиіс.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Кардини Ф. Европа и ислам. История непонимания. – СПб.: «Александрия», 2007. – 332 с.
- [2] Игнат'ев А. «Сарацины» глазами «крестоносцев» // <http://www.azan.kz/article/show/id/257.html>
- [3] Уотт У. Монгомери. Влияние ислама на средневековую Европу. – М.: Наука, 1976. – 128 с.
- [4] Нише Ф. Антихристиан: опыт критики христианства / Сумерки богов. М.: Изд-во полит. литературы, 1989. – С. 17-93.
- [5] Крупман А. Ислам(офобия) в Европе: миф или реальность / <http://i-r-p.ru/page/stream-document/index-29090.html>
- [6] Исламофобия – реальный враг или выдумка Запада? / <http://newsland.com/news/detail/id/888449/>
- [7] Қараңыз: Кирпиченко А. От антисемитизма к исламофобии XXI века / <http://newsland.com/news/detail/id/750289/>
- [8] Борьба с исламофобией через образование / <http://unesdoc.unesco.org/images/0021/002152/215299r.pdf>
- [9] Қазақстан Республикасында діни ахуалды дамытудың өзекті мәселелері. – Алматы: ҚР БҒМ ФСДИ, 2013. – 135 б.
- [10] Крымин А., Энгельгард Г. «Исламофобия» // Отчественные записки. – 2003. – № 5.
- [11] Льюис Б. Ислам: что пошло не так? // Россия в глобальной политике. – 2004. – № 2. – С. 95-99.
- [12] Жүсіпбек Г. Что случилось с современными мусульманами / <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1383636360>

REFERENCES

- [1] Kardini F. Evropa i islam. Istorija neponimaniya. SPb.: «Aleksandrija», 2007. 332 s.
- [2] Ignat'ev A. «Saraciny» glazami «krestonoscev». <http://www.azan.kz/article/show/id/257.html>
- [3] Uott U. Montgomeri. Vlijanie islama na srednevekovuju Evropu. M.: Nauka, 1976. – 128 s.
- [4] Nische F. Antihristianin: opyt kritiki hristianstva. Sumerki bogov. M.: Izd-vo polit.literatury, 1989. S. 17-93.
- [5] Krupman A. Islam(ofobija) v Evrope: mif ili real'nost' / <http://i-r-p.ru/page/stream-document/index-29090.html>
- [6] Islamofobija – real'nyj vrag ili vydumka Zapada? / <http://newsland.com/news/detail/id/888449/>
- [7] Qaranyz: Kirpichenok A. Ot antisemitizma k islamofobii XXI veka / <http://newsland.com/news/detail/id/750289/>
- [8] Bor'ba s islamofobiej cherez obrazovanie / <http://unesdoc.unesco.org/images/0021/002152/215299r.pdf>
- [9] Qazaqstan Respublikasynda dini ahualdy damytudyz ozekti maseleleri. Almaty: QR BFM FSDI, 2013. 135 b.
- [10] Krymin A., Jengel'gard G. «Islamofobija». Otchestvennye zapiski. 2003. № 5.
- [11] L'juis B. Islam chto poshlo ne tak? Rossija v global'noj politike. 2004. № 2.S. 95-99.
- [12] Zhusipbek G. Chto sluchilos' s sovremennymi musul'manami / <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1383636360>

ИСТОКИ ИСЛАМОФОБИИ: ИСТОРИЧЕСКИЕ И СОЦИОКУЛЬТУРНЫЕ КОНТЕКСТЫ

Б. М. Сатершинов

Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: религия, религиозные стереотипы, исламофилия, исламофобия, иудафобия, дискриминация, экстремизм.

Аннотация. В статье феномен исламофобия определяется как одна из разновидностей ксенофобии в обществе, как дискриминация мусульман в мире и в нашей стране. Исламофобия характеризуется как вызов для толерантности, благотерпимости и формирования истинно правового и гражданского общества в Казахстане. Исследования в этой области знания имеют методологическое значение, так как раскрывается преднамеренный процесс формирования определенного негативного имиджа, в ходе которого задействованы наука, СМИ, различного рода информационные технологии, многовековые стереотипы, историческая память народов и методы манипуляции сознанием.

Поступила 30.10.2014г.